«6D021400 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қабдешова Құралай Ахметқызының «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); **3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	Қабдешова Құралай Ахметқызының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Қазақстанның әрбір аймағындағы тарихи оқиғаларға негізделген авторлық тарихи жырларды арнайы зерттеу – ұлт руханиятының тарихына үңілу, қазіргі ғылым дамуы тұрғысынан зерттеумен сабақтас жатқан мәселе. Қазақтың ұлттық сөз өнерінің елеулі әрі көлемді мұрасы болып табылатын авторлық тарихи жырларда әлі айтылмаған ақиқат, ашылмаған шындық мол. Бүгінгі жас ұрпаққа өз ұлтының тарихын жете танып, тарих сабақтарынан тағылым ала отырып, Отанын сүю, патриотизмге баулу үшін де авторлық тарихи жырларды танып-білудің маңызы зор. Авторлық тарихи жырларды әдебиеттану, тарих ғылымдары интеграциясы тұрғысынан зерттеу тақырыптың өзектілігін бекіте түскен. Бүгінгі күнге дейін арнайы көлемді зерттеу нысанына алынбаған авторлық тарихи жырлардың табиғатын таныту, қолжазба қорлары мен жеке мұрағаттарда сақталған қолжазбалардың әлі де ғылыми айналымға түсе қоймағандығын көрсетуі қазақ әдебиеттануына айтарлықтай үлес қосары сөзсіз. Ізденуші бұл тақырыпты кешенді зерттеуі арқылы тақырыптың маңыздылығын толық аша білген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ізденуші диисертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертациясынан жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік сыни ойлай білуі анық аңғарылады. Зерттеу жұмысын өзекті, толық және аяқталған деп есептеймін.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысының өзектілігі ұлтымыздың рухани мұрасына үлес қосқан жетісулық ақындардың авторлық тарихи жырлары әдебиеттану мен тарих ғылымдарының бірлігінде кешенді зерттеліп, ғылыми тұрғыда негізделген.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеудің мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Ізденуші тақырыпты ашу үшін кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ғылыми еңбектерді, қолжазбаларды мүмкіндігінше толық қамтыған. Мазмұндық құрылымның құрылуы мен оның берілу реттілігінің логикалық тұрғыда байланысуы жұмыстың кешенді зерттелгендігін көрсетеді.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Ізденуші Жетісу халық ақындарының қолжазба қорларында сақталған, баспа бетін көрген тарихи жырларын жинақтау, жүйелеу, саралау, тақырыпты қазіргі заманғы тарихқа жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, бүгінгі ғылымның талап-тілектеріне қатысты зерделеу деп қойған мақсатына толықтай жеткен. Осы мақсатқа жету жолында төмендегідей міндеттерді толық орындаған: – ғылыми нысанаға алынатын авторлық тарихи жырлардың бұрын баспа бетін көрмеген қолжазба нұсқаларын іздестірген; – XIX-XX ғасырдағы Жетісу қазақтары басынан өткерген тарихты бейнелейтін жырларды саралап, оның жалпықазақтық тарихи оқиғаларымен сабақтастығын зерделеген; – Зерттеу нысанына алынған тарихи жырларды поэтикалық тұрғыда қарастыра отырып, олардың көркемдігін, сюжет құрылымындағы дәстүрлі мотивтердің қызметін талдаған; – Авторлық тарихи жырлардағы тарихилық мәселесін зерделеп, жырларға өзек болған тарихи оқиғаның мәнін ашу үшін фольклордың тарихилығы, тарих ғылымындағы тарихи жад заңдылықтарының ұтымды тұстарын пайдалана отырып, жырда баяндалатын
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			оқиғалар мен жер-су атауларының, тарихи тұлғалардың шынайылығы мен көркемдікке қатысын көрсеткен; – Ақындардың тарихқа көзқарасы мен тарихи факті арасындағы байланысының сипатын аша білген. Жоғарыда аталған зерттеудің мақсаты мен міндеттердің орындалуын диссертация тақырыбына сәйкес келетіндігін дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар логикалық біртұтастықты құрайды. Жұмыс барысында қолданылған әдістемелер мен әр бөлімнен алынған тұжырымдар бір-бірімен үйлесімдікте толық байланысқан.
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу жұмысы тақырыбының таңдалынуының өзі ізденушінің сыни көзқарасын анық көрсетеді. Тарихта болған елеулі саяси оқиғаларға құрылған тарихи жырларды кешенді талдаудан ізденушінің сыни талдай білуін аңғару қиын емес. Отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттану, тарихқа қатысты ғылыми еңбектеріндегі тақырыпқа сай тұжырымдар ізденушінің өзіндік көзқарастарымен үйлесім тапқан.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ізденушінің диссертациясында қалыптастырылған әрбір ғылыми нәтижесінің (тұжырымдары), шешімдері толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Ізденушінің диссертациясындағы қорытындыларын толығымен жаңа деуге болады:

		1) толығымен жаңа;	Бірінші жаңалығы – авторлық тарихи жырлары тақырыбында алғаш зерттеу жұмысы; Екінші жаңалығы – авторлық тарихи жырлардағы тарихилық мәселесі: тарихи кейіпкер, тарихи оқиға, тарихи жад, тарихи мекен, уақыт пен кеңістік мәселелері арнайы сөз болды; Үшінші жаңалығы – авторлық тарихи жырлардың композициялық ерекшелігі мен жыр құрылымындағы дәстүрлі мотивтер қызметі мен жазба әдебиетінің әсері алғаш рет талданды; Төртінші жаңалығы – зерттеуге қатысты бірнеше қолжазбалар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді; Бесінші жаңалығы – авторлық тарихи жырларының басқа ауыз әдебиеті үлгілерімен өзара байланысы айқындалып, жан-жақты пайымдалды; Алтыншы жаңалығы – авторлық тарихи жырлардың мазмұны мен пішіні ерекшеліктері жүйеленіп, алғаш рет әдеби сипаты айқындалды.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысының техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Бұл зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар	Диссертациядағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған төмендегідей тұжырымдамалары дәлел бола алады: – фольклорлық тарихи жырлар дәстүрінің аясында дамып, белгілі бір автордың ой-сезімі мен көзқарасы

		бойынша даярлық бағыттары үшін).	тұрғысынан заман өзгерісіне қарай жырланған тарихи жырдың жанрлық түрі. – Қазақтың эпикалық дәстүріндегі жетісулық ақын-жыршылардың өзіндік орны бар. Олар – ежелгі жыраулық, жыршылық, ақындық поэзияның құндылықтарын бойына қатар сіңірген дала дәстүрінің заңдылықтарын сақтаған бірегей тұлғалар. – Жетісу аймағы халқының басынан кешірген XVIII ғасырдағы барлық оқиғалар мен империялық қысым қазақ тарихының азаттық үшін күрестің бір сәулесі болып табылады. Сонымен бірге өңірлік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. – Жетісудың жері мен елін жаттың жаугершілігінен қорғау жолында жанқиярлық танытқан кейбір тарихи батырлар есімі авторлық тарихи жырлар арқылы жеткен.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ**;	7.1 Зерттеу жұмысында негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2 Жұмыстағы әрбір қағидат тривиалды емес деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 Зерттеу жұмысындағы қағидаттар жаңа. Осыған дейін диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылмағандықтан, нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Зерттеу жұмысындағы қағидаттарды қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, тарих, саясат ғылымдарында кеңінен пайдалануға болады.

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.5 Зерттеу жұмысы барысында диссертация тақырыбына сәйкес 9 ғылыми мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан өткен.
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Зерттеу барысында мәтінтану, тарихи-салыстырмалы әдіс, биографиялық әдіс, герменевтикалық әдістері басшылыққа алынған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия**;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің әдістеріне сәйкес өңделіп интерпретацияланған. Бұл зерттеудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациядағы ізденуші тарапынан жасалған теориялық ізденістер, авторлық тарихи жырларды жинақтау жұмыстары, оларды әдеби мұрамыздың елеулі бөлігі екендігі жайында ізденістер мысалдар арқылы кешенді түрде әдебиеттану тұрғысынан дәлелденген. Ал авторлық тарихи жырлардың қазақ тарихын тануға қосар ақпараттық маңызы әртүрлі құжаттық деректер мен тарихи еңбектерді келтіруімен расталып отырған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеу барысында мүмкіндігінше авторлық тарихи жырдың табиғатын әр қырынан ашу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, қолжазбаларға, мұрағаттардағы тарихи құжаттарға жасаған сілтемелермен растаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Әдебиеттану, тарих бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттер, қолжазбалар мен мұрағат құжаттарынан тұратын 125 дереккөз атаулары бар. Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыста авторлық тарихи жырлардың эпикалық дәстүрдің заңды жалғасы екендігін айқындай отырып, қоғам, заман өзгерісіне сәйкес тарихи жырдың жанрлық тұрғыдан өзгерісі анықталған. Зерттеуде тарихи жырлардың тарихилығына басымдық беріліп, нақты деректермен негізделген. Бұған дейін көпшілікке таныс емес жетісулық ақындардың тарихи тақырыптағы жырлары Қазақстанның қолжазба қорларынан ізделініп, оларға әдебиеттану, фольклор, тарих тұрғысынан талдаулар жасалынған.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жетісулық ақындар, тарихи жырлар, тарихи жад, тарих, поэтика, уақыт пен кеңістік категорияларына қатысты зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушылар, тарихшылар, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарының зерттеулерінде, әдебиеттану, тарихқа қатысты арнайы және қосымша курстардың семинар сабақтарында көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың әр тарауы мен тұжырым, қорытындыларында кездесетін практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері әдебиеттану, тарих пәндерінің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Ізденуші тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып, ҚР ҒЖБМ талаптарына сай академиялық жазу сапасының жоғары екенін байқатты.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда стильдік, техникалық қателер кездеседі. Алайда мұндай қателер зерттеудің ғылыми мазмұны мен теориялық маңызына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация нәтижелері 9 ғылыми мақалада жарияланды: біреуі Scopus базасына кіретін ғылыми журналда, үшеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, төртеуі Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қабдешова Құралай Ахметқызының «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, ізденушіге философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры м.а. _____ Әбсадық А.А

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ / ОТДЕЛ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ

Подпись Абсадық А.А
заверяю.
(подпись)
(должность, ФИО)